

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыс есебі.

Мақсаты: мектеп-гимназия оқушыларымен, ата-аналарымен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және аз қамтамасыз етілген, көп балалы, жартылай жетім, толық емес отбасы балаларына әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, құқық бұзуға бейім балалармен жұмыс, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жұмыс объектісі: оқушылар, олардың ата-аналары және сынып жетекшілері.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:



Оқушылардың әлеуметік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік паспорты.

Жалпы оқушы саны 1-11	3775
Бастауыш сыныптар 1-4	1509
Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны	622
Аз қамтылған жанұядағы бала саны	20
Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны	9
Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны	42 (9 үйде оқиды)
Тегін тамақ ішетін балалар саны 1-4	1509
Тегін тамақ ішетіндер саны- 5-11	6
Буфеттік жүйеде тамақтанатын оқушылар саны	2800

Жалпыға міндетті оқыту.Мектепке жол.

Оқу жылының басында тамыз –қыркүйек айларында Республикалық «Жалпыға міндетті оқыту»,«Мектепке жол» акциясы жүргізілді. Астана қаласы білім бөлімінің 26.07.2023 жылғы №1562 бұйрығының негізінде мектеп-гимназия бұйрығы жасалды.Әлеуметтік көмекті қажет ететін 20 оқушыға жалпы оқу қорынан көмек көрсетіліп, кеңсе тауарлары мен оқуға қажет киім–кешекпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың құжаттары рәсімделіп, ата-аналардың банктің арнайы есеп шоттарына бір оқушыға – 41 000 теңге ақшалай аударылды.Көрсетілген көмектің жалпы соммасы:820.000тг.



01.08.2023-30.09.2023 аралығында Республикалық «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, АӘК алмайтын құжаттарын рәсімдеуде тізімге ілікпеген аз қамтылған,мүмкіндігі шектеулі, көп балалы отбасының балаларына мектепке қажетті киім-кешек, портфельдер таратылды.Есіл ауданы әкімдігі 10 оқушыны портфельдермен қамтыды.



Бәсекеге қабілетті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын, тілін, дінін құрметтейтін, елінің нағыз патриоты бола алатын тұлғалар қалыптастыру, оқушылардың бойындағы білімге деген құштарлықты, еңбекке деген сүйіспеншілікті дамыту,салауатты өмір салтын насихаттау, жас ата -аналарға психологиялық көмек көрсету, сенімдерін арттыру мақсатында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары жасалып,оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізілді.

Жыл басында әр сынып жетекші сыныбының әлеуметтік құжаттарын толтырып, барлық сыныптардағы аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары, жетім балалар анықталды.

Мектеп-гимназия асханасындағы тамақтануды ұйымдастыру.

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету құжаттары жинақталып, қамқорлыққа алынған, аз қамтылған отбасының 6 оқушысы тегін тамақтану тізіміне ұсынылды. Осы оқушылар қыркүйек-мамыр айларында тегін тамақпен қамтылды.

Мектеп-гимназияда 1-4 сынып оқушыларының тегін тамақтануын ұйымдастыру мақсатындағы жұмыс жүйелі жолға қойылған. ҚББ «Тамақтануды ұйымдастыру туралы» №1871 бұйрығы негізінде мектеп-гимназия бұйрығы жасалды. 1-4 сыныптың 1509 оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Мектеп-гимназия бракераждық комиссиясы құрылып, тамақтың нәрлілігі мен үйлесімділігі қаралып, санитарлық нормалардың сақталуына қадағалау жасалды. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылған.



Құқық бұзушылықтың алдын-алу.

Мақсаты: Құқық бұзушылық пен қылмыстық әрекеттердің алдын-алу жеке тұлғаны адамгершілік рухани жағынан дамыту.

Қыркүйек айында 1-4 сыныптармен **Astana motors** компаниясы өкілдері «Қауіпсіз жол!» тақырыбында дәрістер өткізіп, қызықты қойылымдар көрсетіп, жол ережелерін түсіндірді. Оқушыларға жол ережелері түсіндірілген буклеттер таратылды.

5-8 сынып оқушыларына «**Мектеп ережесін сақтайық**», «**Әкімшілік құқық бұзушылық**» тақырыбында Етекбаев К.К., тәрбие ісі меңгерушісі Карменова Қ.С., әлеуметтік педагогтар бірлесе сұхбаттар өткізіп, сабаққа кешікпеу, себепсіз сабақтан қалмау керектігін айтып, мектеп-гимназия

әкімшілігі қымбат заттарға, ұялы телефондарға жауапкершілік алмайтындығын ескертті.



Әлеуметтік педагогтар 6ж,6в,8г,6г,5и,5в сыныптарында оқушы ережесі,буллинг,кибербуллинг тақырыбында пікір алысты.

Жоспар бойынша «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Біз құқықты қалай түсінеміз?» атты пікір алысулар кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор Орынбек Е,әлеуметтік педагогтармен 6-9 сынып аралығында өткізді.

Мақсаты:Оқушы бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыру, салауатты өмір сүруге дағдыландыру,әкімшілік құқықтық баптарымен таныстыру.

Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор Орынбек Е,әлеуметтік педагогтармен бірлесе,оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру , құқықтық білімдерін толықтыру,адамгершілік ,ізгі қасиеттерді бойларына сіңіріп,мектеп-гимназия қабырғасында жаман сөз айтпай,үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету керектігін айтты. Оқушылардың саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге , өмірде қолдана білуге ,түнгі уақытта 22.00-6.00 дейін заңды өкілдерінсіз далаға шығуға болмайтындығын ескертті.

Қоғамдық орындарда оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі,кибербуллинг,ұрлық,қаңғыбастықтың алдын-алу тақырыбында полиция лейтенанттары Касен С.Н,Қадыров Б.С. 6-9 сынып оқушыларына дәріс оқыды.

Ал жоғары 9-10 сынып оқушыларымен жасөспірімдер жөніндегі инспектор Етекбаев К.К,директордың тәрбие ісі орынбасары Карменова Қ.С,әлеуметтік педагогтар «Вэйп сигарет» тақырыбында дәріс өткізді. Бұл іс шарада оқушылар зиянды заттардың (есірткі,темекі,алкоголь) адам ағзасына тигізетін зияны туралы ой талқылады.Зиянды заттардан аулақ болу керектігі жасөспірімдерге ескертіліп,жақсыдан үйреніп,жаманнан жирену керектігі

айтылды.Оқушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын ішкі істер қызметкеріне қойып,жауап алды.



Құқықтық кеңес отырысы өткізіліп, оған 10а,5в,5и,6в,6ж,11г сынып ата-аналары,оқушылары шақырылып,кеңес берілді.

Оқушылардың тұрғын-тұрмыстық жағдайын анықтауда 9ж сынып оқушысы Бектай Сабринаның актісі жасалды.Қамқорлыққа алынған 9 оқушының, көп балалы,аз қамтылған отбасың 3 оқушысының,мүмкіндігі шектеулі 5 оқушының үйлеріне барып, тұрғын-тұрмыстық актілері жасалды.

Мектеп-инспекторы полиция капитаны Дүйсек С.М,полиция полковнигі Рахимова Н.Н,6-7 сынып оқушыларына «Әкімшілік құқық бұзушылық баптары» тақырыбында дәріс өткізіп,әкімшілік құқық бұзушылыққа ұсақ ұрлық,ұсақ тәртіп бұзушылық,жолда жүру ережесін бұзу,қоғамдық орындарда психологиялық белсендіргіш заттарды пайдалану,интернет алаяқтық жататынын оқушыларға айтып түсіндірді.

«Мектеп ережесін сақтайық»,буллингтің,кибербуллингтің алдын-алу тақырыбында тәрбие ісі меңгерушісі Карменова Қ.С,әлеуметтік педагогтар Уапова А.Т,Жумабаева Г.Т,психолог Фарзалиева А.К,8-9 сынып оқушыларына дәріс өткізді.

Есіл ауданы ішкі істер бөлімі қызметкері Құдайбергенова А.С, «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен дәріс өткізіп,оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріп,адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіріп,зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтты.Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып,өздері жүрген орталарында мейірімді болуға,бұзақылық істерге бармауға,адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға,әдепті де,тәртіпті тұлға болып өсу керектігін айтты.

Полиция капитаны Касенов М.К, «Біз құқықты қалай түсінеміз?» тақырыбында 5-6 сыныптарында құқық бұзушылықтың алдын-алу тақырыбында дәріс өткізді.

Полиция майоры, Есіл аудандық полиция бөлімінің аға инспекторы Мукушева Р.Е, полиция капитаны Дүйсек С.М, құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесін өткізіп, жасөспірімдер қылмысының алдын-алу мақсатында оқушыларға сабақтан кешігу, сабақтан себепсіз қалуға болмайтынын түсіндіріп, пікір алысты.



Сабақ барысы кездеріндегі, үзіліс кездеріндегі оқушылар тәртібі қадағаланып, ұсақ тәртіп бұзған оқушылармен, олардың ата-аналарымен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Сынып жетекшілермен тығыз байланыс орнатылған, оқушылардың мектеп қабырғасындағы өмір қауіпсіздігіне жауапкершіліктері ескертіліп, оқушылармен туындаған тәртіп мәселесіне байланысты сұрақтар бірлесе шешілуде.

Әр түрлі есептерде тұратын оқушылардың мінез-құлқын және сабаққа қатысуын бақылау мақсатында үйлеріне барып, тұрғын-тұрмыстық актілері жасалып, ата-аналарымен кездесіп, пікір алысып, кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, патронаттық тәрбиедегі оқушылармен жұмыс.

2023-2024 оқу жылында мектеп-гимназия бойынша жетім-1, патронаттық тәрбиеде-1, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған-7 оқушы тіркелді. Оқушылардың құжаттары рәсімделіп, тұрғын-тұрмыстық актілері жасалды. Қамқоршылар есебі қалалық білім бөліміне тапсырылды.

Қорғаншылықтағы балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, бағып-күтуде қамқоршылармен үнемі байланыс жасалып, педагогикалық көмек көрсетіледі.

2023 жылдың 26 қазанында №75 мектеп-гимназиясында «Қамқоршылар күні» мерекесіне орай «Аялы алақан» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Бұл мерекелік іс-шараға мектеп-гимназия бойынша қамқоршылар шақыртылды.

Қамқоршылар- әлемдегі ең мейірімді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға балалардың өміріндегі ең маңызды нәрсе – отбасы, жылулық, махаббат пен қамқорлыққа бөлейтін, болашаққа деген сенімділік беретін, еңбексүйгіштікке баулитын, жоғары нәтижелерге жетуге талпындыратын, адамдарға мейірімді болуды үйрететін жандар.

Біздің қоғамға мейірімділіктің жан жомарттығын танытқаны үшін қамқоршылар мектеп-гимназия директоры Г.А.Жусупованың алғыс хатымен марапатталды.



Аз қамтылған, көп балалы отбасылармен, ата-аналармен жұмыс.

2023-2024 оқу жылында аз қамтылған, МӘК алатын-20 оқушы, жалпы мектеп-гимназия бойынша көп балалы-622 бала тіркелген. Оқушылардың тұрғын-тұрмыстық актілері жасалды. Мектеп-гимназияның ашық есік күнінде «Отбасы-ұлттың негізі» тақырыбында тренинг өткізіліп, көп балалы отбасы ата-аналарына кеңес берілді.



Ата-аналарға әлеуметтік, құқықтық және педагогикалық мәселелер бойынша кеңес беру мақсатында жекелеген мәселелері бойынша Жумадилова Г.М., Молдабекова А.Т., Голуб Е., Тлеубергенова Г.А., Рахимова Д.Б., Зяблова М.Р. қабылданып, кеңес берілді.

Ата-аналар Тожыбаева Ш., Ауытбекова Қ.Қ., Абжанова Е.Н., Альжанова А.К., Нұртаев Абзалға отбасында баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына

камқорлық жасау, нығайту, бекіту, тазалық дағдыларын қалыптастыру, еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру өзіне – өзі қызымет ету дағдыларына үйрету, отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым – қатынасын, тіл табысып түсінісуін, бірін – бірі тыңдап, ата – ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйретуге баланы тәрбиелеу керектігі айтылды.



Жаңа-жылдық шырша.

2023-2024 оқу жылында Жаңа-жылдық шыршаларды ұйымдастыруда Президент шыршасы, Астана қаласы әкімінің шыршасы, Есіл ауданы әкімдігі келер жыл әрбір шаңыраққа шуақ болып енсін деген мақсатпен мерекелік шыршалар ұйымдастырды. Мемлекет басшысының атынан шырша мерекесіне 200 бала шақырылды. Олар – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан, ерекше қажеттіліктері бар, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта немесе қоғамдық өмірде жетістікке жеткен дарынды балалар. Балалар үшін түрлі-түске боялған шоу-қойылым ұйымдастырылды.



Жаңа жылдық сыйлық ретінде киім, жұмсақ ойыншықтар, спорттық рюкзактар және т.б. сатып алуға болатын сертификаттар табысталды. Балаларға арналған шырша мерекесін аудан әкімдіктері де ұйымдастырды. Мерекелік шыршада қала әкімі әрбір отбасыға, әр балаға зор денсаулық, бақыт, табыс және армандарының орындалуын тіледі.



№75 мектеп-лицейінің аз қамтылған көп балалы, мүгедек балаларынан 1 оқушы президент шыршасына, 1 оқушы қала әкімі шыршасына, 10 оқушы Есіл ауданы әкімінің шыршасына жіберілді.

Бұйрықтары шығарылып, тізімдері рәсімделді. Есіл ауданы әкімдігі оқушыларға тәтті сыйлықтар таратты.

Директор жанындағы мәжілісте, әкімшілік отырыстарында атқарылған жұмыстар анықтамалары жасалып, хабарланды.

Қамқорлық акциясы.

Қаңтар-ақпан айларында №75 мектеп-гимназиясында әлеуметтік педагогтардың ұйымдастыруымен «Дос болайық» қайырымдылық жобасы аясында «Жақсылық жасайық» тақырыбында қамқорлық акциясы өткізілді. Акцияға мектеп-гимназия оқушылары, ата-аналары, сынып жетекшілері, демеуші мұғалімдер қатысты.

Балалардың санасына қайырымдылық ұғымын қалыптастыру мақсатында әлеуметтік аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі, көп балалы отбасы балаларына азық-түлік, киім-кешек сертификаттарын т.б. көмек көрсетілді.



2024 жылы көктем айында елімізде күрделі жағдай қалыптасып, қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болды. Бұл – табиғи апат.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында. Осы аймақтардағы үйсіз қалған отандастарымызды қолдау

мақсатында №75 мектеп-гимназия ұжымы, ата-аналары, оқушылары көмек қолдарын созып, киім-кешек, тамақ жинап Солтүстік Қазақстан облысы мен Державинск елді мекеніне жіберді.

Жазғы демалыс.

ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау, балалардың қадағалаусыз қалуының, құқықбұзушылығы мен қылмыс жасауының алдын-алу, жазғы каникул кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігі мен шығармашылығын дамыту мақсатында оқушыларды лагерьмен қамтамасыз етеді. Лагерьге аз қамтылған, көпбалалы, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған патронаттық тәрбиедегі отбасы балаларын қамтуға басымдық беріледі.

Осы орайда №75 мектеп-гимназиясының жетім және аз қамтылған отбасының 3 оқушысына «Astana camp» сыртқы сауықтыру лагеріне жолдама берілді. Ішкі сауықтыру лагерімен аз қамтылған, көп балалы отбасының 4 оқушысы қамтылды. «Балдәурен Балқаш», «Балдәурен Қонаев» лагерьлеріне мектеп-гимназияның 4 оқушысы жолдама алды.

Оқушылардың жазғы уақытта жұмыспен қамтуға бағытталған «Жасыл ел» мемлекеттік жасағы құрылып, олар мектеп аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізуде.



Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;

**Әлеуметтік педагог: Уапова А.Т.
Жумабаева Г.Т.**

№75 мектеп-гимназия

**Әлеуметтік педагогтардың
2023-2024 оқу жылындағы атқарған
жұмыс есебі.**

Астана қаласы

